«8D04201 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Калшабаева Маншук Женисбаевнаның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына сәйкес келеді. Сондай-ақ зерттеу жұмысы «Қазақстан 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс отандық заң ғылымына елеулі үлес қосады және ол басқа диссертациялардан жүйелілігімен, жаңашылдығымен және түпнұсқалылығымен ерекшеленеді. Жұмыстың маңыздылығын ашатын ұлттық заңнама, шетелдік және отандық ғылыми зерттеулер мен материалдарын талдауға негізделген

			нақты ұсыныстар мен қорытындылар жасалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс автордың өзі жазу деңгейі жоғары, ғылыми деңгейде дербес орындалған және жеке шығармашылық сипатқа ие.
		1) **<u>жоғары;</u>**	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Таңдалған диссертация тақырыбы заң ,ылымы үшін өзекті болып табылады. Отандық заң ғылымында медиация мәселесі жеке зерттеу ретінде кешенді зерттелмеген. .
		1) **<u>негізделген;</u>**	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыптың мәнін толық айқындайды. Құрылымы мәлімделген тақырыпты жан-жақты зерттеуге және барлық алға қойылған міндеттерді ашуға мүмкіндік береді.
		1) **<u>айқындайды;</u>**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.
		1) **<u>сәйкес келеді;</u>**	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыда өзара байланысты және зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.
		1) **<u>толық байланысқан;</u>**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Автормен ұсынылған тұжырымдар толығымен дәлелденген, бағаланған және сыни талданған. Бұл өз кезегінде ізденушінің тақырыпты толық меңгергенін көрсетеді.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша ғылыми жаңашылдық қағидасы сақталған, зерттеу нәтижелері толығымен жаңа болып табылады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. автор диссертациялық жұмыста Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырылу-құқықтық мәселелерін шешу жолдары мен даму болашағы бойынша ұсыныстар келтіріп негіздеген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстары жаңа және толық негізделген.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда **ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар жоғары негізділікке ие. Бұл фактіні автор қолданған дереккөздер дәлелдейді, олардың арасында халықаралық шарттар, шетелдердің медиация саласындағы заңдары мен әдебиеттері, аналитикалық шолулар мен тәжірибелік материалдар бар.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең**	Медиация ұғымына авторлық анықтама берілген **1 ші ереже.** 7.1 1) дәлелденген 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия Билер институты Қазақстандағы медиация институтының дамуының тарихи алғышарты ретінде қарастырылып, құқықтық дәстүр мен қағидалар, этикалық категориялар сияқты құралдарды құқық қолдану шеңберіне тарту, медиатордың білімінің сәйкес денгейі мен ой-өрісінің, жоғары моральдық және азаматтық жауапкершілігінің дамуына қажет екенін тұжырымдаған **2 ші ереже.** 7.1 1) дәлелденген 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия **3 ереже.**

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Қазақстан Республикасында медиация мен татуластыру рәсімдерінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану мен оны әрі қарай жетілдіру үшін медиация институтын мемлекеттік-құқықтық реттеу бойынша ізденуші өз тұжырымдарын жасайды. біріншіден, жүйелі негізде медиация институтын дамытумен айналысатын арнайы уәкілетті мемлекеттік органды бекіту, екіншіден, медиаторлардың бірыңғай ұйымын құру ұсынылады. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия **4 ереже.** Медиаторға терең, жоғары, кәсіби тұрғыда көмек бере алатын заң білімі болуы тиіс, Медиация жеке мамандық немесе бакалавр мен магистранттарды дайындау шеңберінде оқыту бағдарламаларына енгізілуі қажет, медиаторларды оқыту орталықтарының қызметі лицензиялануы тиіс деген ҚР кәсіпқой медиаторлардың құқықтық жағдайына байланысты ізденуші өз тұжырымын жасаған. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең

			7.5.1) ия Этносаралық конфликтілерді реттеу мен алдын-алудың тиімді жолдарын анықтауда этномедиацияны медиацияның бірегей, жаңа бағыты деп қарастыру қажет деп анықталған **5 ші ереже.** 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия 7.4 3) кең 7.5.1) ия **6 ереже.** Еңбек, отбасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы азаматтық істер бойынша сотқа дейін медиациялық рәсімнен өту міндетті болу тәжірибесін енгізу қажет, ал қылмыстық және әкімшілік істер бойынша тараптарды медиатормен міндетті ақпараттық кездесуге жіберілуі тиіс, сондай-ақ Медиация рәсімі туралы ақпараттың кеңінен таралуы үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары бірлесе отырып, бағдарлы іс-шараларды шынайы жүзеге асыруы қажет деп анықтаған Қазақстандағы медиация саласындағы заңдарды жетілдіруге байланысты тәжірибелік ұсыныстар берілген. 7.1 1) дәлелденді 7.2 2) тривиалды емес 7.3 1) ия

			7.4 3) кең 7.5.1) ия
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертация тақырыбының мәнін ашу үшін жалпы және арнайы ғылыми әдістер қолданылған. Тарихи-құқықтық, ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық сияқты жеке ғылыми әдістер қолданылды. Әлеуметтік әдіс әдістері орынды әрі нақты пайдаланылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік техноолгияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	жоқ
		1) ия;	
		2) **жоқ.**	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара **расталған** / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге белсенді сілтемелермен расталады. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне және басқа да қайнар көздерге сілтеме жасай отырып, 216

			дереккөзді кеңінен қолданған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Қол жеткізілген ғылыми нәтижелер медиация саласының дамуына айтарлықтай үлес қосады.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдар мен ұсыныстар заң шығару тәжірибесі мен оқу үдерісі үшін, сондай-ақ медиация рәсімін қолдану тәжірибесінде маңызға ие.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Ізденуші келтірген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа, бұрыңғы зерттеулерде ұсынылмаған.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмысты академиялық жазу мен рәсімдеу сапасы жоғары талаптарға сай келеді.
		1) **жоғары;**	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		*Диссертациялық жұмыстың конфликтілерді зерттеген теориялық бөлімінің жазылу тілі қиын, оқырман үшін күрделі ұғымдар кездеседі. Алайда айтылған ескерту жұмыстың ғылыми құндылығына әсер етпейді.*

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада докторанттың 8 ғылыми мақалалары жарыққа шыққан. Оның ішінде 3 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары бақылау Комитетімен бекітілген тізімге енген басылымда, 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін басылымда, 4 басқа басылымдарда, халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумның жинақтарында жарияланған. Шығарылған ғылыми мақалалардың барлығы диссертация тақырыбына сәйкес жарияланған және диссертацияның мазмұнында көрініс тапқан.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Калшабаева Маншук Женисбаевнаның «Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D04201 – Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

заң ғылымдарының кандидаты, профессор,
«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті»
КЕ АҚ Басқарма мүшесі,
жастар саясаты жөніндегі проректоры

Сериев Болат Абдулдаұлы

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Қолы Сериев Б.А
РАСТАЙМЫН

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ - КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ